



ӘДЕП КОДЕКСІ



GLENCORE

МАЗМҰНЫ

01 ӘДЕП КОДЕКСІМІЗ ТУРАЛЫ

- 6 Құндылықтарымыз
- 7 Мақсаттарымыз
- 9 Әдеп Кодексіміз
- 11 Көшбасшыларымыз
- 13 Бизнестегі серіктестеріміз
- 15 Шешімдерді адалдықпен қабылдау үшін басшылыққа алынатын қағидат
- 16 Қауіптер туралы ашық айту және хабардар ету

02 ӨЗ АДАМДАРЫМЫЗДЫ ҚАДІРЛЕУ

- 20 Әділдік пен құрмет

03 ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ БОЛУ

- 24 Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік
- 26 Қоршаған ортаны қорғау
- 28 Жергілікті халық
- 30 Адам құқықтары

04 АДАЛДЫҚПЕН ӘРЕКЕТ ЕТУ

- 34 Сыбайлас жемқорлық
- 37 Мүдделер қайшылығы
- 39 Алаяқтық
- 41 Санкциялар және саудалық бақылау шаралары
- 43 Ақшаның ізін жасыру
- 45 Адал бәсекелестік
- 47 Ішкі ақпарат
- 49 Нарықтағы тәртіп
- 51 Жеке деректерді қорғау және құпиялылық

05 БИЗНЕСІМІЗДІ ҚОРҒАУ

- 55 Активтеріміз бен ақпаратты қорғау

Құрметті әріпестер

Мұнай, қара металл және түсті металдар сатушысынан біз әлемдегі ең ірі тау-кен өндірушілері мен сатушыларының біріне айналып, жарты ғасырға жуық уақыт бойы дүниежүзілік шикізат тауарлары индустриясына трансформация жасаудамыз.

Күнделікті өмір сапасын жақсартатын тауарларды жеткізуге жауапкершілікпен қарау деген мақсатымызды көрсететін айнымас жауапкершілігіміз — қоғамның дамуына оңды үлес қоса отырып, қаржылық көрсеткіштер мен жоғары кәсіпқойлыққа қол жеткізу. Сондықтан да біз әрқашан мүдделі тараптар үшін жауапкершілікке, ашықтыққа және барлығының да құқықтарына сыйластыққа толы мәнерде ұзақ мерзімді пайда жасауды көздейміз.

Әрбір жасаған ісімізде біздің құндылықтарымыз — қауіпсіздік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, қарапайымдылық және кәсіпкерлік рух — біз үшін жөнсілтер болып табылады. Біздің адал жұмыс істеуге деген талпынысымыз, сонымен қатар қиын жағдайда да дұрысын істеуге деген табандылығымыз — Glencore компаниясындағы іс-әрекеттеріміздің негізі.

Әдеп Кодексіміз біздің мақсаттарымыз бен құндылықтарымызды көрсетеді және күнделікті іс-әрекеттерімізде өзімізді қалай ұстау туралы негізгі қағидаттар мен түсініктерді айқындайды. Glencore компаниясында, біз барлығымыз қайда жүрсек те, не істеп жүрсек те Кодекске аса жауапкершілікпен қараймыз. Барлығымыз да Кодекс талаптарын күнделікті өмірімізге енгізіп, әріптестерімізді де солай жасауға ынталандыра отырып, құндылықтарымызға сай өмір сүруге жауаптымыз.

“Біз айналадағы дүниені дамыту, сақтау және жақсарту үшін қажетті шикізат тауарларын жеткізу арқылы күнделікті өмір сапасын жақсартуға міндеттенеміз.”

Ашықтық мәдениеті де біздің жетістігіміз үшін өте маңызды. Біз диалог пен кері байланысты ынталандыруымыз керек, Glencore компаниясында жұмыс істейтіндердің барлығы ашық сөйлесуге жауапты. Бұған заңдардың, осы Кодекстің немесе біздің ережелеріміздің сақталмауы туралы алаңдаушылықтармызды білдіру де жатады. Алаңдаушылықтарын білдірген кез келген адамның қудалауға ұшырауына ешқашан жол бермейміз.

Мақсатымызға, құндылықтарымызға және осы Кодекске деген адалдығымыз Glencore компаниясына кез келген сын-қатерді тайсалмай қабылдауға көмектеседі және алаңсыз бар назарымыз бен күшімізді қолымыздан келетін іске, яғни күнделікті өмір сапасын жақсартатын шикізат тауарларын жеткізуге жауапкершілікпен қарауға аударуға мүмкіндік береді.

ГЭРИ НЭГЛ
БАС ДИРЕКТОР



01

ӘДЕП КОДЕКСІМІЗ

ТУРАЛЫ

БҰЛ ТАРАУДА

- 6 Құндылықтарымыз
- 7 Мақсаттарымыз
- 9 Әдеп Кодексіміз
- 11 Көшбасшыларымыз
- 13 Бизнесітегі серіктестеріміз
- 15 Шешімдерді адалдықпен қабылдау үшін басшылыққа алынатын қағидат
- 16 Ашық айту

Құндылықтарымыз

Құндылықтарымыз жасаған әрбір іс-әрекетімізге жол сілтейді. Олар Әдеп Кодексіміз бен мәдениетіміздің өзегі болып табылады.



Қауіпсіздік

Біз ешқашан қауіпсіздік мәселері бойынша мәмілеге келуді қарастырмаймыз. Біз бір-бірімізге қамқормыз, ал егер қауіпті болса жұмысты тоқтатамыз.



Ашықтық

Өзара қарым-қатынасымызда біз адал және турашылмыз. Өзара ақпаратпен бөлісу және бір-бірімізді диалог пен кері байланысқа жігерлендіру арқылы өзімізді одан ары жетілдіруге ынталандырамыз.



Адалдық

Қиын болған күннің өзінде қалай дұрыс болса солай әрекет етуге батылдығымыз жетеді. Не айтсақ соны іс жүзінде жасаймыз және бір-бірімізбен адал және сыйластықпен араласамыз.



Қарапайымдылық

Біз жұмысымызды тиімді жасаймыз және назарымызды не маңызды сонда ұстаймыз. Керексіз күрделіліктен аулақ болып, қарапайым да прагматикалық шешімдер іздейміз.



Жауапкершілік

Өз ісімізге жауап береміз. Басқалар бізден не күтетінін түсіну үшін біз олармен сөйлесіп, не айтатындарын тыңдаймыз. Коммерциялық әлеуметтік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы көрсеткіштерімізді жақсарту үшін жұмыс істейміз.



Кәсіпкерлік рух

Жаңа идеяларды қолдаймыз және өзгерістерге жылдам бейімделеміз. Біз әрқашан құндылықтарды көбейту үшін және жұмыстың ең жақсы және қауіпсіз жолдарын табу үшін жаңа мүмкіндіктер іздейміз.

Мақсатымыз

Біз табиғи ресурстар саласындағы әлемдегі ең ірі компаниялардың біріміз. Мақсаттарымызға шикізат тауарларын жеткізу тізбегінің әр сатысында белсенді болу стратегиясы арқылы жетеміз.

Географиялық әркелкілігіміз, өнім және қызмет түрлеріміз бойынша саналуандығымыз бизнесіміз бен оның әркелкі мүдделі тараптары үшін жасап отырған құндылықты барынша көбейтеді.

“Күнделікті өмір сапасын жақсартатын шикізат тауарларын жеткізуге жауапкершілікпен қарау”

01

КОДЕКСІМІЗ
ТУРАЛЫ

02

ӨЗ
АДАМДАРЫМЫЗДЫ
ҚАДІРЛЕУ

03

ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ
ЖАУАПТЫ БОЛУ

04

АДАЛДЫҚПЕН
ӘРЕКЕТ ЕТУ

05

БИЗНЕСІМІЗДІ
ҚОРҒАУ

Glencore компаниясы айналадағы дүниені дамыту, сақтау және жақсарту үшін қажетті шикізат тауарларын жеткізу арқылы күнделікті өмір сапасын жақсартуға міндеттенеді.

Міне сол үшін біз жұмысқа келеміз және біздің жасап жүргеніміз де сол. Біз барлық мүдделі тараптарымыз үшін, соның ішінде клиенттеріміз, акционерлеріміз, қызметкерлеріміз, сондай-ақ біз жұмыс істейтін қауымдастықтар мен елдер үшін ұзақ мерзімді өсу мен мүмкіндіктерге қол жеткізгіміз келеді.

Өнеркәсіпте және маркетингте жасап жүрген қызметтеріміздің ауқымы мен саналуандығы арқылы біз өмірде қажетті құрылыс блоктары үшін маңызды шикізат тауарларын жауапкершілікпен жеткізіп отырамыз. Мейлі ол тұрғын үйлер мен ауруханалардан бастап автомобиль жолдары мен темір жол желілеріне дейінгі маңызды инфрақұрылым салу болсын; мейлі ол қазіргі заманғы технология мен мобильділікті трансформациялап отырған батареялар өндіру болсын; немесе қымбат емес энергия көздерінің баршаға қолжетімді болуын қамтамасыз ету болсын.

Қоғамдастықтармен және үкіметтермен серіктесе отырып, көп адамдарға ілгерілеу әкеле аламыз.

Міне біздің Мақсатымыз осы. Оған қол жеткізген кезде, күнделікті өмір сапасын жақсартамыз.

Әдеп Кодексіміз

Қызметі мен орналасқан жеріне қарамастан, әрқайсымыз, құндылықтарымызға, Әдеп Кодексіне (Кодекске), ережелерге және заңға сәйкес әрекет етуге міндеттіміз. Еш ерекшеліксіз түгелдей барлығымыз.

Кодексіміз:

- ✓ қауіпсіздікті, жауапкершілікті, әдептілік пен заңдылықты сақтай отыра қалай бизнес жүргізу туралы түсініктерді айқындайды
- ✓ шешім қабылдау кезінде немесе дилеммаға тап болғанда қарастыратын Құндылықтар мен негізгі қағидаттарды есімізге салады
- ✓ қудалаудан қорықпай қалай алаңдаушылықтарымызды білдіру туралы жөнсілтер болып табылады.

Біздің құндылықтарымызға, Кодексімізге немесе ережелерімізге қарағанда заңдар мен нормативті актілердің қатаңдығы бәсеңдеу болған жағдайда біз жоғарырақ стандарт қолданамыз.



Кімдер Кодекс талаптарын орындауға міндетті?

Кодексіміз бүкіл бизнесімізге міндетті. Оның қамту аймағы:

- ✓ барлық қызметкерлер, директорлар және дүниежүзі бойынша Glencore компаниясының тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе басқаруындағы барлық заңды тұлғалардың лауазымды адамдары
- ✓ Glencore компаниясының тікелей басшылығындағы және Glencore компаниясында қызмет атқаратын мердігерлер немесе дүниежүзі бойынша Glencore компаниясының тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе басқаруындағы өнеркәсіп объектілері.

Не істеу керектігін білмей қалсақ ше?

- ✓ “Шешімдерді адалдықпен қабылдау үшін басшылыққа алынатын қағидаттарға” (15-бетті қараңыз) жүгінеміз немесе
- ✓ Менеджерден немесе супервайзерден көмек сұраймыз.

Кодекс талаптарын немесе ережелерді бұзсақ не болады?

- ✓ Кодексіміз және ережелеріміз біз үшін не маңызды екенін көрсетеді. Тәртіп бұзушының лауазымына қарамастан, Кодекс талаптары мен ережелерді бұзу мәселесін қаталдықпен қараймыз. Тәртіп бұзушылықтың ауырлығына қарай, оның салдары ескерту жасаудан жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін. Бұл тек Кодексті немесе біздің қағидаларымызды бұзған адамға ғана емес, бұзушылықтарды біле тұра хабарламағандарға да қатысты болуы мүмкін.

Көшбасшыларымыз

Бүкіл бизнестерімізде әрбір көшбасшымыз адалдықпен әрекет етудің еліктеуге тұратын үлгісі болатынына және қауіпсіздік, жауапкершілік және әдептілік мәдениетін дамытуға себептес болатынына сенеміз.



Барлық көшбасшылардың міндеттері:

- ✓ құндылықтарға сай өмір сүру және Кодекске және оның рухына сәйкес әрекет ету
- ✓ құндылықтарымыздың, Кодексіміздің және ережелеріміздің кең таралуына себептес болу және мінез-құлық үлгілерін айқындау
- ✓ Құндылықтарымызбен және Кодексімізбен үйлесімді жолдармен құнды көбейту және бизнесімізді өсіруге мүмкіндіктер іздеу
- ✓ өз командаларымен адал және сыйластықпен араласу және қудалаудан қорықпай әркім өз алаңдаушылықтарын ашық білдіре алатындай жайлы жағдай жасау
- ✓ алаңдаушылықтарды тыңдау, оларды байыппен қабылдау және сол мәселелермен лайықты түрде айналысу
- ✓ қырағылық таныту және олардың өздері куә болып табылатын немесе олар туралы оларға басқа адамдар хабарлаған Кодекстің, біздің саясаттарымыздың немесе заңның бұзылуымен байланысты кез келген машақаттар туралы хабарлау

Көшбасшыларымыз төмендегі мәселелерді атқару арқылы бүкіл бизнестерімізде Кодекстің сақталуын қамтамасыз ететіндеріне сенеміз:

- ✓ қатерлерді айқындау, бағалау және басқару
- ✓ адамдарымыздың Кодекс және тиісті ережелер туралы оқуларға қатысуын қамтамасыз ету
- ✓ Кодекстің, біздің саясаттарымыздың немесе заңның бұзылуымен байланысты машақаттар туралы, сондай-ақ бұл талаптарды орындамау туралы жауапкершілік туралы ашық айтудың маңыздылығын және хабарлаудың қажет екендігін түсіндіру
- ✓ ішкі және сыртқы мүдделі тараптармен байланыс ұстап отыру және бірлесе әрекет ету
- ✓ айқын және шынайы мақсаттар қою және оларға қол жеткізуге әркімді рухтандыру
- ✓ адамдарымыздың әлеуеттерін дамытуға және ашуға мүмкіндіктер жасау
- ✓ қай мінез-құлық лайықты, ал қайсысы лайықты емес туралы айқындық көрсету
- ✓ командаларын жауапкершілікке тарту
- ✓ дамдарды тек қана жетістіктері үшін емес, сонымен қатар оларға қалай жеткендері үшін мадақтау және мойындау
- ✓ көрсеткіштер талапқа сай болмаған жағдайда араласып, кірісу

Бизнестегі серіктестеріміз

Бизнестегі серіктестерімізбен қарым-қатынасымызды қадірлейміз, сондықтан олармен таза ниетпен, қалтқысыз және айқын әрекеттесеміз.

Өз кезегімізде, олардан да әдептілік, қауіпсіздік пен жауапкершілік сақтай отырып бизнес жүргізуге алған міндеттемелерімізге қосылуларын күтеміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РҰХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Бизнесі әдептілікпен жүргізуге алған міндеттемемізге ортақтасатын бизнес серіктестермен ғана жұмыс істеуді қамтамасыз етуге ұқыпты қараймыз
- ✓ Бизнесітегі серіктестерімізбен сыйластықпен араласамыз
- ✓ Бизнесітегі серіктестерімізге өздерінен не күтетінімізді түсінуге көмектесу үшін олармен жұмыс жүргіземіз
- ✗ Бизнесітегі серіктестерімізден өздеріне немесе қызметкерлеріне қауіп төндіретін тәсілде жұмыс атқаруды сұрамаймыз
- ✗ Бизнесітегі серіктестерімізден Кодексімізді немесе құндылықтарымызды және заңды бұзатын жолмен әрекет етуді ешқашан сұрамаймыз
- ✓ Бизнесітегі серіктестеріміз заң бұзса шара қолданамыз
- ✓ Құндылықтарымызбен және Кодексімізбен үйлесімді жолдармен әрекет етуге ынталандыру үшін бақылауымыздан тыс біріккен кәсіпорындарға ықпал етеміз.



Негізгі терминдер

БИЗНЕСТЕГІ СЕРІКТЕСТЕР

Бизнесітегі серіктестерімізге жеткізушілеріміз, клиенттеріміз, біріккен кәсіпорындарымыз, біріккен кәсіпорындардағы серіктестеріміз, қызмет көрсетушілеріміз және басқа қарсы әріптестер жатады




Негізгі ережелеріміз

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
- Жеткізушілерге қатысты стандарттар

Шешімдерді адалдықпен қабылдау үшін басшылыққа алынатын қағидат

Кодекс талаптарына бағыну бізге әдептілікті сақтай отырып шешімдер қабылдауға көмектеседі. Қиын шешім немесе жағдай туындаған жағдайда, және ондай жағдайлар айқын түрде Кодексімізде көрсетілмеген болса, біз өзімізге төмендегі сұрақтарды қоямыз:



Қауіптер туралы ашық айту және хабардар ету

Өзіңізді алаңдататын мәселелер туралы ешқашан үндемей қалмаңыз. Олар туралы менеджеріңіз, супервайзеріңіз немесе басқа қолжетімді баяндау каналдары арқылы мәселе көтеріңіз. Біз сізді алаңдатын мәселелерді байыпты қараймыз және олармен тезарада айналысамыз. Олардың сендерге немесе басқа адамдарға қатысы бар ма, жоқ па, соған қарамастан сендер Кодекстің, біздің саясаттарымыздың немесе заңның бұзылуымен байланысты кез келген машақаттар туралы хабарлауға міндеттісіңдер.

Сізді алаңдатын мәселелер туралы баяндауыңыз бізге басқа теріс қылықтардың алдын алып және қаржылық, беделдік және басқа жағдайларға тигізетін әсерді шектеп, оларды проактивті түрде шешумен айналысуға мүмкіндік береді.

Біз соған ұқсас жағдайлар туралы хабарлаған әркімді жазалау шараларынан қорғауға міндеттенеміз.



Негізгі ережелеріміз

- Заңсыз әрекеттерге қатысты күдіктер туралы баяндау саясаты





Сізді алаңдатын мәселелер туралы қалай баяндай аласыз?

Сізді алаңдатын мәселелер туралы кеңсеге немесе өнеркәсіп объектілеріне барып баяндаңыз

Сізді алаңдатын мәселелер туралы бірінші менеджеріңізбен немесе супервайзеріңізбен талқылап алғаныңызды құптаймыз.

Әдетте сізді алаңдатын мәселелерді жылдам және тиімді шешуге олардың өте жақсы дайындығы бар. Сонымен қатар, сізді алаңдатын мәселелер туралы жергілікті баяндау каналы арқылы немесе кеңсеңіздегі немесе өнеркәсіптік объектегі мәселелерді қабылдау үшін тағайындалған заңсыз әрекеттерге қатысты күдіктер туралы баяндау контактілері бойынша хабарлауыңызға болады.

Сізді алаңдатын мәселелер туралы Glencore компаниясының сізді алаңдатын мәселелерді баяндау бағдарламасы арқылы баяндаңыз

Егер жергілікті баяндау каналы арқылы баяндау мүмкін болмаса немесе ыңғайсыз болса, Мәселелерді баяндау бағдарламасының баяндау каналдары арқылы хабарлай аласыз.

Мәселелерді баяндау бағдарламасы Glencore компаниясының қызметкерлеріне, бизнестегі серіктестеріне және басқа мүдделі тараптарға анонимді баяндау каналдарын ұсынады.

Бағдарлама Кодексімізбен, ережелерімізбен немесе заңмен үйлесімсіз болуы ықтимал әрекет туралы баяндауға мүмкіндік береді. Мәселелерді баяндау бағдарламасы — корпоративтік бағдарлама, ол сізді алаңдатын мәселелерді ештеңеден саспай сенімді түрде қай тілде болсын баяндауға мүмкіндік береді.

Glencore компаниясының Мәселелерді баяндау бағдарламасы оңай қолжетімді



Веб-платформа
<https://glencore.raisingconcerns.org>



Телефон нөмірлері осы сілтеме арқылы қолжетімді
<https://glencore.raisingconcerns.org>



Email
codeofconduct@glencore.com

Қудалаушылыққа жол бермейміз

Өздерінің ойларынша Кодексімізбен, ережелерімізбен немесе заңмен үйлесімсіз әрекет туралы алаңдаушылықтарын білдірген адамдардың, тіпті алаңдары дәлелсіз болса да, қудалаушылыққа немесе жазалауға ұшырауына жол бермейміз.

Егер әдейілеп жалған хабар беріп тұрған болмасаңыз, жұмыстан шығып қалудан, кемсітушіліктен, қудаланудан, бопсалаудан немесе басқа да жағымсыз әсерлерден қорықпай ашық айта аласыз.

Мәселені тиісті дәрежеде шешу үшін бізге сендердің көмектерің қажет болуы мүмкін және сендер тергеп-тексерулермен және аудиттармен шынайы ниетпен ынтымақтасуға және дәл, толық әрі шынайы ақпарат пен құжаттама ұсынуға тиіссіңдер. Кей жағдайларда ол жеке құрылғыларда және/немесе Интернеттегі дербес аккаунттарда сақталған, қызметкерлер жұмыс мақсатында пайдаланған ақпарат болуы мүмкін.

02

ӨЗ АДАМДАРЫМЫЗДЫ ҚАДІРЛЕУ



БҮЛ ТАРАУДА

20 Әділдік пен құрмет

“

Біз әрбір қызметкерлерімізді **сыйлаймыз** да **қадірлейміз**, және **саналуан** тәжірибелері мен үміт-тілектері бар адамдар **дами алатын** және **әлеуеттерін аша алатын әділ, қолдау** көрсетілетін және кәсіби маман және жеке тұлға ретінде өсуге қолайлы **ИНКЛЮЗИВТІ** орта жасаймыз.

Біздің **жетістігіміз** әрбір деңгейдегі дарын иелерін жұмысқа **тарту, дамыту** және **ұстап қалу** қабілетімізге байланысты.

”

Әділдік пен құрмет

Біздің жетістігіміз үшін адамдарымыз өте маңызды. Бір-бірімізбен адал және сыйластықпен араласамыз. Қызметкерлеріміздің саналуандығы мәдениетіміз бен бизнесімізді күшейтеді.

Қазіргі заманғы құлдың қай түріне де, оның ішінде еріксіз, мәжбүрлі еңбекке немесе бала еңбегіне жол бермейміз. Одаққа қосылуға және ұжымдық шарт жасауға құқығымыз бар.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АДАЛДЫҚ



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Біз шын ниетпен және адал әрекет жасаймыз және жасаған әрбір әрекетімізге жауап береміз.
- ✓ Өзіміздің және басқалардың психикалық және физикалық денсаулық жағдайына қамқорлық танытамыз.
- ✓ Клиенттеріміз бен басқа да мүдделі тараптарымызға керектерін беру үшін және өзіміздің үздік болуымыз үшін бірлесе жұмыс жасаймыз.
- ✓ Біз инклюзивтікті, әділдік пен теңдікті құптаймыз және нәсіліне, ұлтына, дініне, жынысына, жасына, жыныстық бағдарына, іс-әрекетке шектеулі қабілеттілігіне, шығу тегіне, әлеуметтік тегіне, кәсіподақтағы мүшелігіне, саяси сенімдеріне немесе тағы басқа да ықтимал алдын ала пішілген пікірлер немесе соқыр нанымдарына қарай алалап бөлмейміз.
- ✗ Жұмыс орнындағы сексуалды алымсақтыққа немесе қысым көрсетіп, құдалауға жол бермейміз және қандай да болмасын әдепсіз қылық көрген жағдайда ол туралы баяндаймыз.
- ✓ Жұмысқа алғанда, қызметтерін жоғарылытқанда, көтермелегенде және даму мүмкіндіктерін ұсынғанда біз адамдардың біліктіліктеріне, дағдыларына, жұмыс нәтижелеріне, әдептіліктеріне және Құндылықтарымызбен үйлесімділіктеріне сүйенеміз.

- ✓ Құрметпен және адалдықпен қарым-қатынас жасаймыз.
- ✓ Біз адамдардың әртүрлі сенімдері мен көзқарастарын бағалаймыз.
- ✓ Әлеуметтік желілерді қолданғанда Құндылықтарымызбен үйлесімді жолмен әрекет етеміз.



Негізгі ережелеріміз

- Коммуникация туралы саясат
- Әртүрлілік және инклюзивтік саясаты
- Тең мүмкіндіктер туралы саясат
- Адам құқықтары туралы саясат



Сыртқы міндеттемелеріміз

- Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын орындауға міндеттенеміз.

03

АУІПСІЗ ЖӘНЕ

ЖАУААПТЫ БОЛУ



БҮЛ ТАРАУДА

- 24 Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік
- 26 Қоршаған ортаны қорғау
- 28 Жергілікті халық
- 30 Адам құқықтары

“

Біз барлығымыз басқа адамдарға, қоғамға және қоршаған ортаға тигізетін **әсеріміз** үшін **жауаптымыз**.

Өздеріміздің және бір-біріміздің **қауіпсіздігіміз** бен **денсаулығымызды** қорғаймыз.

Адам құқықтарына **құрметті** қолдаймыз және жергілікті халық пен қоғамдастықтарға және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша **жауапкершілікпен әрекеттенеміз**.

Мақсаттарымызға жетудің және жергілікті халық пен басқа да мүдделі тараптардың **сеніміне** ие болудың жалғыз жолы **қауіпсіздік** пен **жауапкершілікті** сақтай отыра жұмыс жүргізу.

”

Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік

Жұмыс орындарында өлім, кәсіби ауру және жарақаттарды болдырмау біздің күн сайын ұмтылатын мақсатымыз. Бұл әр адамның жауапкершілігі.

Қызметкерлеріміздің денсаулықтарын қорғауға және қауіпсіздіктерін сақтауға мүдделіміз, әсіресе қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыста.

Барлық деңгейдегі көшбасшыларымыз проактивті қауіпсіздік мәдениетін қолдап және дамытып жүретіндеріне сенеміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Егер жұмысты жалғастыру қауіпсіз немесе қатерді бақылау мүмкін емес деп ойласақ, өзіміздің де, басқалардың да жұмысын тоқтатамыз.
- ✓ Барлығымыз да өзіміздің жеке қауіпсіздігіміз үшін және әріптестеріміздің, мердігерлеріміздің және айналамыздағы халықтың қауіпсіздігі үшін жауаптымыз
- ✓ Оңды кері байланыс береміз және дұрыс әрі қауіпсіз мінез-құлықты одан ары дамытамыз.
- ✓ Денсаулық пен қауіпсіздік қатерлеріне барлық салаларда бағалау жүргізіміз және барлық адамдарды қорғау үшін денсаулықты қорғау және қауіпсіздік жөнінде жоспарларды іске асырамыз.
- ✓ Түгелдей адамдарымыздың барлығы үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасаймыз, қауіпсіз және сенімді құрал-жабдықпен қамтамасыз етеміз және ережелерді сақтаймыз.
- ✓ Жұмысқа психикалық және физикалық саулықта келеміз.
- ✓ Стандарттар жасап, оларды ұстанамыз және сабақтар өткіземіз.
- ✓ Жұмысты қалай қауіпсіз және денсаулықты қорғау және қауіпсіздік ережелері мен стандарттарына сәйкес жасау керектігі туралы сабақтарға қатысамыз.
- ✓ Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік саласында толассыз жетілдіру үшін мақсаттар мен бағдарламалар жасаймыз және оларды бақылауда ұстаймыз.
- ✓ Мүмкін болса, сырқат пен жарақаттан кейін адамдарға жұмысқа қайта кірісуге жәрдем береміз.



Негізгі ережелеріміз

- Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік саясаты

Қоршаған ортаны қорғау

Дүниежүзі бойынша жүргізіп отырған жұмыстарымыздың барлығында ресурстарды жауапты басқару арқылы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаға зиянды азайтуға міндеттенеміз.

Өнеркәсіп объектіlerimizде экологиялық сын-қатерлерді түсінуге және оларды шешуге, және ресурстарды тиімді пайдалануға, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерінің көрсеткіштерін жақсартуға және инциденттерді болдырмауға ынталандыруға тырмысамыз.

Климаттың өзгеруінің жұмыстарымызға және халыққа ықтимал әсерін мойындаймыз және оны шешу үшін жұмыстанамыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ



Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✘ Жұмыстарымызды заңды түрде арнайы тағайындалған жерлепге деген құрметпен жүргіземіз және Дүниежүзілік мұра мәртебесіне ие нысандар тізіміне енген аумақтарда барлау немесе пайдалану жұмыстарын жүргізбейміз.
- ✔ Шаруашылық қызметіміздің ортақ ресурстарымызға, оның ішінде жерге, ауаға, суға, энергияға және биоалуантүрлілікке ықтимал әсерлерін анықтап, бағалау жүргіземіз және оларды азайтуға шаралар қолданамыз.
- ✔ Шаруашылық қызметіміздің қоршаған ортаға әсерінің көрсеткіштерін қадағалап, басқарып және баяндап отыруға арналған процестер мен жүйелер әзірлеп, іске асырамыз.
- ✔ Көміртек іздерін азайтуға шаралар қолданамыз.
- ✔ Ұзақ мерзімді жер ресурстарын ұтымды пайдалануды қолдайтын жер ресурстарын басқару және қалпына келтіру бағдарламаларын әзірлейміз.
- ✔ Қауіпсіз және тұрақты қалдыққоймаларын дайындауға және пайдалануға міндеттенеміз.
- ✔ Тиісті тәртіпте жұмыс жүргізіп отырғанымызға көз жеткізу үшін экологиялық қатерлер, мүмкіндіктер және біздің орындау көрсеткіштеріміз жөнінде мүдделі тараптармен біріге әрекеттенеміз.



Сыртқы міндеттемелеріміз

- БҰҰ Жаһандық шарттың (UNGC) Тұрақты даму саласындағы міндеттеріне қол қойғанбыз.
- Тау-кен және металлургия жөніндегі халықаралық кеңестің (ICMM) мүшелері ретінде 10 қағидаттың және өнімділік бойынша күтілетін жұмыс нәтижелерінің талаптарына сай болуға міндеттіміз.
- Жылдық есептерімізді климаттың өзгеруіне қатысты қаржылық ақпаратты ашып көрсету жөніндегі жұмыс тобымен (TCFD) үйлестіріп отырамыз.
- Қалдыққоймаларды басқару бойынша Ғаламдық салалық стандартпен үйлесімде болуға міндеттіміз.



Негізгі ережелеріміз

- Экологиялық саясат
- Қалдыққойма саясаты

Қауымдастықтар

Даму үшін негізгі құрылыс блоктарын қамтамасыз ететін тауарларды өндіру және сату арқылы әлеуметтік прогреске құнды үлес қосуға тырмысамыз. Біз бұларға салықтар мен роялти сияқты үкіметке төлемдер жасау арқылы; жұмысқа орналастыру және бизнестегі серіктестік мүмкіндіктері; және өзіміз жұмыс жүргізіп отырған жерлердің әлеуметтік дамуы арқылы қол жеткізе аламыз.

Мүдделі тараптармен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатып, олармен ашық және әділ түрде араласамыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайту үшін жүргізетін жұмыстарымыздың тіршілік кезеңінің барлық сатыларында жергілікті қауымдастықпен сындарлы жұмыс жүргіземіз.
- ✓ Шаруашылық қызметтеріміздің қабылдаушы қоғамдастықтағы халыққа және одан тысқары орналасқан қоғамдарға тигізетін нақты және ықтимал ықпалдарын анықтаймыз және оларды болдырмау немесе, егер ол мүмкін болмаса, азайту шараларын жасаймыз.
- ✓ Қауымдастықтармен сындарлы және ашық қарым-қатынас қолдап отырамыз.
- ✓ Аумақтық қауымдардың тартылуын құптаймыз, қолдаймыз және халықтың осал топтары мен байырғы тұрғындардың қатысуға мүмкіндікке ие болуына көз жеткіземіз.
- ✓ Мемлекеттік сектормен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен серіктесіп жұмыс жасауға мүдделіміз.
- ✓ Халықтың шағымдары мен ұсыныстары туралы баяндап, есеп береміз, олар бойынша тексеру жүргізіп, оларға жауап береміз.
- ✓ Күнкөріс жағдайларын жақсартуға, өмірге бейімді қоғам қалыптастыруға және жабылудың әсерлерін азайтуға күшімізді саламыз.
- ✓ Қабылдаушы қоғамдастықтың және байырғы тұрғындардың мәдениеті мен мұрасын мойындаймыз және қадірлейміз.
- ✓ Қоғамдастықтармен келісілген міндеттерімізге берікпіз және оларды орындаймыз.



Негізгі ережелеріміз

- Адам құқықтары туралы саясат
- Әлеуметтік саясат



Сыртқы міндеттемелеріміз

- Ағымдағы қызметтерімізді халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) 5 қызмет стандарттарына сәйкес атқарамыз. Жерді сатып алу және мәжбүрлі қоныс аудару
- Тау-кен және металлургия жөніндегі халықаралық кеңестің (ICMM) байырғы тұрғындар және тау-кен қазу өнеркәсібі бағдарламалық мәлімдемесімен үйлесімді қызмет атқарамыз.

Адам құқықтары

Шаруашылық қызметіміздің кері әсеріне душар болуы ықтимал қызметкерлеріміздің, бизнестегі серіктестеріміздің, өзіміз жұмыс жасап, өмір сүріп жүрген қоғамдардың және басқалардың қадір-қасиеттері мен адам құқықтарын құрметтейміз. бизнестегі серіктестеріміз біздің міндеттемелерімізге ортақтасатына және іскерлік қарым-қатынасымызды адам құқықтарын алға жылжыту үшін барынша пайдаланатынымызға сенім білдіреміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Біздің әрекеттеріміз басқалардың адам құқықтарына қалай қандай ықпал ету мүмкін екенін қарастырамыз.
- ✓ Шаруашылық қызметімізден туындайтын адам құқықтарына қатерлерді түсінеміз және оларды шешумен айналысамыз.
- ✓ Адам құқықтарының нақты немесе жорамал бұзылуы болған жағдайда ол туралы ашық айтамыз.
- ✗ Қазіргі заманғы құлдықтың қай түріне де, оның ішінде еріксіз, мәжбүрлі еңбекке немесе бала еңбегіне жол бермейміз.
- ✓ Шағым түсіру және оларды қараудың тиімді жергілікті тетігін жүзеге асырамыз.
- ✓ адам құқықтарын қадірлеуде және халықаралық стандарттарды қалыптастыруда бизнестегі серіктестерімізбен, оның ішінде күзет қызметін көрсетушілер де бар, бірлесіп әрекет етеміз.



Сыртқы міндеттемелеріміз

- Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қолдаймыз.
- Халықаралық еңбек ұйымының Еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын орындауға міндеттенеміз.
- БҰҰ бизнес және адам құқықтары саласында басшылыққа алынатын қағидаттарын қолдаймыз.
- Өз еркімен қабылданған адам құқықтары мен қауіпсіздік қамтамасыз ету қағидаттарына қол қойған жоқпыз.
- БҰҰ Жаһандық шарттына қол қойған жақпыз.
- Өндіруші өнеркәсіптер қызметінің ашықтық бастамасын қолдаймыз.
- Адам құқықтары саласындағы тиісті сақтық шараларын жүргізу үрдістерімізді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бизнесі жауапты жасау үшін Тиісті сақтық шараларын жүргізу жөніндегі басшылығымен және ЭЫДҰ қақтығыстан зардап шеккен және жоғары қауіпті аймақтардан минералды шикізатты жауапты жеткізу тізбектеріне Тиісті сақтық шараларын жүргізу жөніндегі басшылығымен үйлестіріп отырамыз.



Негізгі ережелеріміз

- Адам құқықтары туралы саясат
- Жеткізушілерге қатысты стандарттар

04

АДАЛДЫҚПЕН ӘРЕКЕТ ЕТУ

БҰЛ ТАРАУДА

- 34 Сыбайлас жемқорлық
- 37 Мүдделер қайшылығы
- 39 Алаяқтық
- 41 Санкциялар және саудалық бақылау шаралары
- 43 Ақшаның ізін жасыру
- 45 Адал бәсекелестік
- 47 Ішкі ақпарат
- 49 Нарықтағы тәртіп
- 51 Жеке деректерді қорғау және құпиялылық

“

Әрбір жасаған ісімізде **адалдықпен** әрекет етеміз. Қай жерде орналасқанымызға да, Glencore компаниясындағы рөлімізге де қарамастан, әрекеттерімізде **әділдікті, ашықтықты** және **сыйластықты** ұстанамыз.

Әрекеттеріміз бен шешімдеріміз бізді жеке тұлға және Glencore компаниясының қызметкері ретінде **ашады**. Өзіміздің кім екенімізді және кімге жұмыс жасап жүргенімізді **мақтан тұтқымыз** келеді.

Бизнесті **адалдықпен** жасау адамдарымыздың, бизнестегі серіктестеріміздің және қауымдастықтардың бізге деген **сенімін** нығайтады және **жауапты** да **әдепті** компания ретінде Glencore компаниясының жетістігі мен **беделі** үшін маңызды.

”

Сыбайлас жемқорлық

Біз сыбайлас жемқорлықпен айналыспаймыз және кіммен қарым-қатынас жасағанымызға да, жергілікті дәстүрге де қарамастан, біз ешқашан пара бермейміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✘ Мейлі ол ресмилікті оңайлату үшін төлемдер болсын, мейлі ол басқа да түрлері болсын, біз ешқашан пара сұрамаймыз, қабылдамаймыз, ұсынбаймыз, бермейміз және оған рұқсат бермейміз. Пара түрлеріне сыйлықтар, өкілдік шығындар, саяхат, шарттарға қол қою бонустары, жұмыс ұсынулар, тауар бағасынан шегерімдер немесе алғыспұлдар, несиелер, сыйақылар, қызметтер көрсету, қайырымдылық төлемдер немесе ықыластылық жатады.
- ✔ Бизнесіміз әдептілікпен жүргізуге алған міндеттемемізге ортақтасатын бизнес серіктестермен ғана жұмыс жасауды қамтамасыз етуге ұқыптылықпен қараймыз.
- ✔ Берілетін сыйлықтар мен өкілдік шығындар ізгі ниетпен, жүйелі түрде емес, қисынды және орынды жасалуын бақылаймыз және олардың алушының шешіміне ықпал ету ниетімен немесе бұрыс коммерциялық пайда көру үшін жасалмауына көз жеткіземіз.
- ✔ Әсіресе, пара, оның ішінде өзара сыйлықтармен немесе ойын-сауықпен алмасу сияқты түсініктерді болдырмау үшін мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынасымызда өте сақпыз.
- ✘ Біз ешқандай саяси науқандарға, партияларға, кандидаттарға немесе олардың үлестес ұйымдарына үлес қоспаймыз.
- ✔ Біздің бизнеске байланысты қоятын мақсаттарымыз бен мәселелеріміз шындыққа негізделген, орындалатын мәселелер, сондықтан адамдарымызға тығыз таяқ шақта орындалуы қиын тапсырмалармен қысым жасау арқылы пара беру немесе жемқорлық қаупін тудырмаймыз.
- ✔ Адалдықпен әрекет ететін әріптестерімізді жоғары бағалаймыз, сол себепті нәтижесінде бизнесті жоғалтқаны үшін жазаламаймыз.



Шынайы өмірде қолдану

Жергілікті мемлекеттік билік органына визаға арыз тапсырдым. Арыздарды қабылдайтын мемлекеттік қызметкер кезектің көп екенін және егер мен қосымша азғантай қолма-қол ақша берсем менің арызым тізімнің үстіне жылжуын қамтамасыз ететінін айтты. Оған сұраған ақшасын берсем дұрыс болады ма?

Жоқ, ол дұрыс болмайды. Виза алуды жылдамдату үшін ақша төлеуге болмайды. Бұл ресмилікті оңайлату үшін төлем жасауға өтініш, яғни пара. Glencore компаниясының позициясы айқын: мейлі ол ресмилікті оңайлату үшін төлемдер болсын, мейлі ол азғантай болсын, біз пара бермейміз. Мейлі қымбат болсын, мейлі ұзақ болсын; біз бизнесті дұрыс жүргіземіз.



Негізгі ережелеріміз

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
- Саясатқа еліктіру жөніндегі ережелер
- Жеткізушілерге қатысты стандарттар



Сыртқы міндеттемелеріміз

- Біз төмендегі қоғамдастықтарда мүшеміз:
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы серіктестік (PACI)
 - Теңіз кемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі (MACN)
 - TRACE International
- Іскерлік этика институтын (IBE) қолдаймыз.



Негізгі термин

РЕСМИЛІКТІ ОҢАЙЛАТУ ҮШІН ЖАСАЛАТЫН ТӨЛЕМДЕР

Азғантай болса да, төмендегідей дағдылы әкімшілік істерді жылдамдату немесе орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметкерге берілетін төлем:

- рұқсаттар, лицензиялар немесе басқа да ресми құжаттар шығарып беру
- виза және жұмысқа тапсырыс сияқты үкімет қағаздарын өңдеп, әзірлеу
- кеден мағлұмдамасы алу
- полицияның қорғауы
- тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету
- жүктерді өңдеу.



Мүдделер қайшылығы

Біз әрбір қызметкерлерімізді сыйлаймыз да қадірлейміз, және саналуан тәжірибелері мен үміт-тілектері бар адамдар дами алатын және әлеуеттерін аша алатын әділ, қолдау көрсетілетін және кәсіби маман және жеке тұлға ретінде өсуге қолайлы инклюзивті орта жасаймыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Мүмкіндігінше, қайшылықтарды болдырмауға тырысамыз, және қайшылықтардың тіпті туындауының өзі зиян келтіруі мүмкін екенін түсінеміз
- ✓ Қайшылықтар туындап қалған жағдайда дереу мәлімдейміз
- ✓ Қайшылықтардың қазіргі күнде бар болу қаупін азайту үшін қайшылықтарды басқару жолында тиісті қадамдар жасаймыз.

Қайшылық туғызуы мүмкін жағдайлар



ПАЙДА (мысалы, сыйлықтар мен ойын-сауықтар)

кәсіби міндеттерімізді әділ атқаруға әсерін тигізуі мүмкін.



БАСҚА ЖАҚТА ҚОСЫМША ӘРЕКЕТТЕР МЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Glencore компаниясындағы жұмысыңыздың көрсеткіштеріне және әділдігіне әсер етуі мүмкін. Оның ішіне Glencore компаниясының бизнестегі серіктестері мен бәсекелестері де жатады.



МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ БОЛУ

Glencore компаниясының бизнестегі серіктестерінде немесе бәсекелестерінде



ЖЕКЕ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУ

Glencore компаниясының бизнестегі серіктестерімен немесе бәсекелестерімен



ТУЫСҚАНДАРМЕН/ЖАҚЫНДАРМЕН

тікелей немесе жанама есеп беруге тиіс қызметте бірге жұмыс істеу.



Негізгі термин

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Жеке бастың мүддесі немесе әрекеті Glencore компаниясының мүддесіне немесе өз жұмысымызды тиімді және әділ жасау қабілетімізге кесел келтіретін жағдай.



Негізгі ережелеріміз

- Мүдделер қайшылығы саясаты

Алаяқтық

Біз алдау-арбаумен айналыспаймыз және біле тұра үшінші тараптарға алаяқтық жасауға көмектеспейміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Біз ұждандымыз және әрекеттеріміз қасақана алдамшылықтан таза, соның ішінде:
 - жалған шығындарды өтеуге өтінім беруден
 - жалған құжаттар жасаудан, құжаттарды, есеп-қисапты немесе өтінімдерді жойып, оларды өзгертіп, айла-шарғы жасаудан
- ✓ Алаяқтықты тауып және оны болдырмауда өзіміздің алатын орнымыздың маңыздылығын түсінеміз.



Шынайы өмірде қолдану

Алдағы болатын клиентпен кездесуге бару үшін өзімнің Visa картаммен төлеп, өткен айда ұшаққа билет сатып алдым. Сосын ұшақ билетінің құнына шығындарды өтеуге есеп тапсырдым, ал Glencore компаниясы оны маған қайтарып берді.

Ал өткен аптада клиент кездесудің болмайтынын айтты, содан мен ұшу билетімді тапсырдым. Әуе компаниясы билетімнің бағасын менің Visa картама қайтарды. Бәлкім мен кездесудің болмайтынын Glencore компаниясына айтып, олардың өтеген сомасын қайтарып беруім керек шығар.

Алайда, мен жолға көп шығамын және бос уақытымды Glencore компаниясы үшін қиып жүрмін, сондықтан ештеңе де айтпаймын. Жұмыс уақытынан кейін де қаншама сағат істеп жүрген жұмысым үшін маған ешкім ештеңе төлеп жүрген жоқ, сол себепті еңбегім сінді. Әрі-беріден соң, бәрі әділ, дұрыс емес пе?

Бұрыс. Бұндай іс-әрекет жақсы емес. Бұл жөнсіз өтінім. Адамдарымыз Генкордың мүдделерін ескере отырып, адал да ашық мінез-құлық танытады деп сенеміз. Алдау-арбау ешқашан ақтауға жатпайды.



Негізгі ережелеріміз

- Алаяқтық жөніндегі саясат



Негізгі терминдер

АЛАЯҚТЫҚ Арам немесе заңсыз қаржылық немесе жеке пайда көру үшін өтірік немесе әдейі жаңылыстыратын әрекет жасау.

Санкциялар және саудалық бақылау шаралары

Күші бар санкцияларды,
эмбарголарды және саудалық
бақылау шараларын сақтаймыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Санкциялар мен саудалық бақылау шаралары үнемі өзгеріп отыратын болғандықтан, жаңадан пайда болған санкцияларды білу үшін “Glencore компаниясының талаптарға сәйкестік” интранет бетін қараймыз, ал егер күмәніміз болса талаптарға сәйкестікті қадағалау бөлімімен ақылдасамыз.
- ✓ Санкцияларды бұзу қаупін бағалау үшін транзакциялар мен бизнестегі серіктестерге және іске қатысы бар барлық ақпаратты жинап, талаптарға сәйкестікті қадағалау бөліміне тапсырамыз.
- ✓ Бизнестегі серіктестеріміз бен кемелерді санкциялар тізімінде бар ма, жоқ па тексереміз.
- ✓ Санкциялардың бұзылу қаупін білдіретін қызыл жалауларға қырағылымызды жоғалтпаймыз.



Негізгі терминдер

САНКЦИЯЛАР МЕН ЭМБАРГОЛАР

Белгілі бір жеке тұлғалармен, топтармен, заңды тұлғалармен, кемелермен, әуе кемелерімен, режиммен, елдермен немесе аумақтармен бизнес жасауға тыйым салатын немесе шектеу салатын мемлекеттік органдардың немесе БҰҰ сияқты ұлттық органдардан жоғары тұратын ұйымдардың енгізген заңдары, ережелері және міндетті шаралары.

САУДАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ

Мемлекеттік органдардың немесе ұлттық органдардан жоғары тұратын ұйымдардың белгілі бір елдерге, ұйымдарға және жеке тұлғаларға қарсы енгізген саудадағы шектеулері. Саудалық бақылау шараларының мысалы ретінде импорт пен экспортқа шектеулерді және антибойкоттық заңдарды айтуға болады.



Негізгі ережелеріміз

- Санкциялар туралы саясат

Ақшаның ізін жасыру

Үшінші тараптар бізді ақшаның ізін жасыруға пайдаланғылары келулері мүмкін екенін білеміз. Ондайдан сақтану үшін шаралар қолданамыз және қолданыстағы заңдарды сақтаймыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✗ Қылмыстық әрекеттен пайда болғаны белгілі болса біз ақшаны да, басқа да қаражатты қабылдамаймыз.
- ✗ Ешқандай үшінші тараптарға ақшаның ізін жасыруға көмектеспейміз.
- ✓ Бизнесітегі серіктестеріміздің кім екенін біліп алу үшін байқап, бақылап отырамыз.
- ✓ Бізді ақшаның ізін жасыруға ұшыратуы мүмкін өзгеше немесе күдікті әрекеттерді байқап отырамыз және лезде олар туралы баяндаймыз.
- ✗ Біле тұра немесе әдейілеп салықтан жалтаруға көмектеспейміз.



Шынайы өмірде қолдану

Мен жаңа ғана Glencore компаниясынан тауар сатып алғысы келетін клиентпен өткен келіссөзден шықтым. Клиент Glencore компаниясына төлемдер Британдық Вирджин аралдарында орналасқан үшінші тарап арқылы жасалатыны туралы хабарлады. Азғантай зерттеу жасап едім, бұл үшінші тарапты төлеушінің кеңсесі де, қызметкерлері де жоқ екен, ал өзі тек бірнеше ай бұрын ғана құрылыпты. Бұл үшінші тарап бір күндік фирма (тек қағаз жүзінде ғана бар компания) деген күдік туып тұр. Бүкіл жүйе күдікті көрінеді, одан да қызыл жалауларды талқылау үшін Талаптарға сәйкестікті қадағалау бөлімімен байланысайын.

Бұл дұрыс. Бұл сценарийде бірнеше күдікті элементтер бар, сондықтан Талаптарға сәйкестікті қадағалау бөлімімен осы мәселелерді талқылау дұрыс шешім.



Негізгі терминдер

АҚШАНЫҢ ІЗІН ЖАСЫРУ

Соңында заңды жолмен келгендей етіп шығаратын, ақшаның немесе басқа қаражаттың, сонымен қатар тауарлардың, қылмыс жолмен пайда болғанын жасыру процесі.



Негізгі ережелеріміз

- Ақшаның ізін жасыруға қарсы саясат
- Салық саясаты

Адал бәсекелестік

Біз бар жігерімізбен, бірақ әділ және заңды түрде бәсекелесеміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

✘ Біз ешкіммен құпия сөз байласпаймыз және ресми түрде де, бейресми түрде де, бәсекелестерімізбен төмендегідей жағдайлар туралы келісімге бармаймыз:

- бағалар бекіту
- өндірісті немесе жеткізуді шектеу
- клиенттер мен нарықты бөліп алу
- жалған баға ұсыну
- клиенттерге немесе жеткізушілерге бірігіп бойкот жариялау.

Есіңізде болсын, құпия келісім болу үшін ол жазбаша болуы міндет емес.

✘ Солай жасауға заңды түрде қажеттік болмаса, коммерциялық құпиямызды бәсекелестерімізге айтпаймыз. Күмән болса заңгерлерімізбен кеңесеміз.

✔ Бәсекелестеріміз қатысатын салалық ұйымдардың немесе басқа да салалық кездесулерге қатысқанымызда өте абай боламыз.

✔ Монополияға қарсы заңдар күрделі және әр елде әр түрлі екенін мойындаймыз, сондықтан заңгерлерімізбен кеңесеміз.



Шынайы өмірде қолдану

Glencore компаниясының тендерге қатысуға өтінімін дайындап жатырмын. Осы тендерге бәсекелестеріміздің ішінен де біреуі қатысайын деп отырғанына күмәнім жоқ. Ойламаған жерден, бүгін кешке спортзалда сол бәсекелесімізде жұмыс жасайтын Майкты кездестіріп қалдым. Мен кешігіп келгенмін, зал бос болды деуге де болады. Майктың қал-жағдайын сұрадым, ол “жұмыс көп” деп жауап берді. “Асменің тендеріне дайындалып жатқан шығарсың; біз де мүдделіміз, дайындалып жатырмыз” деп жауап бердім. Ұсынысында қандай баға көрсетпек ойың бар?” Майк екеуіміздің арасындағы әңімені басқа ешкім естімеген болу керек, олай болса еш зиян жоқ қой, иә?

Бұрыс. Заңды түрдегі қажеттіліксіз болашақ немесе ағымдағы бағалар, құны, көлемі клиенттер және сатулар туралы жекеленген деректер сияқты аса құпия ақпаратты бәсекелестерге беру монополияға қарсы заңды өрескел бұзушылық болып табылады. Glencore компаниясы осындай еркін бәсекеге кеселін тигізетін әрекеттерге қатал тыйым салады.



Негізгі терминдер

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢ

Сонымен қатар, трестке қарсы заңнама ретінде белгілі, компаниялар арасында еркін, бұрмаланбаған бәсекелестікті қолдау, нарық қатысушыларының шешім қабылдаудағы тәуелсіздігін және нарықтық билікті теріс пайдаланудың алдын алу арқылы тұтынушыларды қорғауға бағытталған.



Негізгі ережелеріміз

- Монополияға қарсы заңның орындалуы туралы саясат

Ішкі ақпарат

Ішкі ақпаратқа жауапкершілікпен қараймыз және оны саудалаумен айналыспаймыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Өз компаниямызды, акционерлерімізді және қаржылық нарықты ішкі ақпаратты бұрыс қолданудан қорғаудың маңыздылығын түсінеміз.
- ✗ Қолымызда ішкі ақпарат барда біз Glencore компаниясының немесе кез келген үшінші тараптардың акцияларын немесе құнды қағаздарын қашан сатып алу керек, қашан сату немесе ауыстыру керек екені туралы шешімдер жасамаймыз және басқаларға ол туралы айтып, ішкі ақпарат негізінде практикалық кеңестер бермейміз.
- ✓ Кез келген бір жағдайда өз міндеттіріміз туралы күмәніміз болса біз заңгерлерімізбен хабарласамыз.



Негізгі терминдер

ІШКІ АҚПАРАТ

Акциялар мен құнды қағаздарға қаржы салу туралы шешім қабылдар шақта инвестордың, егер жарияланса, қарастыруы бәлкім жарияланбаған қаржылық-шаруашылық немесе өндірістік қызметтеріміздің нәтижелері, ия болмаса қосылу немесе жұтылу немесе дауласу туралы ақпарат.



Негізгі ережелеріміз

- Ішкі ақпарат және құнды қағаздармен операциялар жөніндегі саясат

Нарықтағы тәртіп

Өзіміз қатысатын дүниежүзілік нарықтың операторларымен, биржаларымен және реттеушілерімен бекітілген ережелер мен нұсқауларды түсінеміз және оларға бағынамыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Біздің іс-әрекетіміз өзіміз қатысатын нарықтардың әділ және ашық жұмысын қолдайтын жолына сәйкес.
- ✗ Біз жалған немесе жаңылыстыратын ақпарат таратпаймыз.
- ✗ Біз ешқашан нарықтармен айла-шарғы жасамаймыз, оның ішінде айла-шарғылық тапсырыстар жасамаймыз немесе айла-шарғылық әрекеттер мен құралдар пайдаланбаймыз, ақпаратты теріс пайдаланып, салыстырмалы бағалаулармен айла-шарғы жасамаймыз.
- ✗ Біз ішкі ақпаратпен саудалаумен немесе оны теріс пайдаланумен айналыспаймыз.
- ✓ Күдікті транзакциялар немесе саудалау әрекеттері туралы білсек өз алаңдаушылығымыз туралы мәселе көтеріміз. Glencore қызметімен байланысты қауіптер туралы хабарлама алған менеджерлер ол туралы Саясатта көрсетілген нарықтағы мінез-құлыққа қатысты арналар арқылы дереу хабарлауға тиіс.



Негізгі ережелеріміз

- Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік саясаты

Жеке деректерді қорғау және құпиялылық

Жеке деректермен жұмысты аса ұқыптылықпен атқарамыз және жеке тұлғалардың құпиялыққа құқықтарын құрметтейміз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Жеке деректер деген не екенін және олармен жұмыс жасағанда басшылыққа алатын қағидаттарды түсінеміз.
- ✓ Біз жеке деректерді заңды мақсаттар үшін және қажет болған жағдайда ғана бизнес талаптарына сай жинаймыз, пайдаланамыз және сақтаймыз.
- ✓ Біз жеке деректерді басқалармен тек заңды іскерлік мүддеміз болған кезде, заң талаптарын орындау қажет болғанда немесе оны мүдделі адам сұрағанда ғана бөлісеміз
- ✓ Біз діни, идеологиялық немесе саяси көзқарастар, нәсіл, денсаулық, медициналық немесе биометриялық мәліметтер сияқты жеке бастың құпия деректерімен жұмыс жасағанда аса мұқияттық танытамыз.



Негізгі терминдер

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР

Аты-жөні, мекенжайы немесе туған күні сияқты адамды анықтау үшін қолдануға болатын ақпарат.



Негізгі ережелеріміз

- Ақпараттық ағын басқару саясаты

05

БИЗНЕСІМІЗДІ ҚОРҒАУ

БҰЛ ТАРАУДА

- 55** Активтеріміз бен ақпаратты қорғау

“

Біздің материалдық активтеріміз бен ақпарат біздің **жетістігіміз** үшін маңызды.

Бизнесіміздің **құндылығын** сақтау үшін бізге сеніп тапсырылған материалды активтер мен ақпаратты **жауаптылықпен** және **ұқыпты** пайдаланыз және **қорғаймыз**.

”

Активтеріміз бен ақпаратты қорғау

Материалдық-техникалық базамыз сияқты материалды активтермен қатар ақпарат, бағдарламалық жасақтама және зияткерлік меншік сияқты материалдық емес активтер біздің жетістіктеріміз үшін өте маңызды.

Активтерімізді ұрлықтан, жоғалудан немесе бұзылудан, теріс пайдаланудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғаймыз.

ЕСТЕ ҰСТАЙТЫН НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



ҚАУІПСІЗДІК



АДАЛДЫҚ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ



КӘСІПКЕРЛІК РУХ

Біздің міндеттемелеріміз іс жүзінде нені білдіреді?

- ✓ Бизнеске қатысы бар ақпарат, білім және зияткерлік меншік құнды ресурстар екенін мойындаймыз.
- ✓ Активтерімізді қорғау үшін тиісті қадамдар жасаймыз
- ✓ Компания құрал-жабдықтарын дұрыс және тағайындалған мақсаттарына сай қолданамыз.
- ✓ Оларды ұрллықтан, жоғалудан немесе бұзылудан, теріс пайдаланудан және рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін әрқашан сақпыз.
- ✗ Бизнесімізді жүргізу үшін рұқсаты жоқ жүйелерді пайдаланбаймыз.
- ✓ Бизнес ақпаратымыздың құпиялығын сақтаймыз
- ✓ Электрондық поштамен және интернет қызметтерімен қоса жүйелер мен қолданбалы бағдарламаларды жауапкершілікпен пайдаланамыз.
- ✓ Glencore компаниясының бизнес жүйесінің аккаунттарын, құпиясөздерін және қолжеткізу маркерлерін мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз.
- ✓ Олардың қауіпсіздігінің бұзылуы мен инциденттер туралы баяндап отырамыз.



Негізгі ережелеріміз

- Ақпараттық ағын басқару саясаты
- Алаяқтық жөніндегі саясат

“

Мақсатымызға, құндылықтарымызға және осы Кодекске деген адалдығымыз Glencore компаниясына кез келген сын-қатерді тайсалмай қабылдауға көмектеседі және алаңсыз бар назарымыз бен күшімізді қолымыздан келетін іске, яғни күнделікті өмір сапасын жақсартатын шикізат тауарларын жеткізуге жауапкершілікпен қарауға аударуға мүмкіндік береді.

”

ГЭРИ НЭГЛ
БАС ДИРЕКТОР



GLENCORE

Glencore plc
Baarer mattstrasse 3
CH-6340 Baar
Швейцария

ТЕЛ +41 41 709 2000
ФАКС +41 41 709 3000
ЭЛ. ПОША info@glencore.com
ВЕБ-САЙТ glencore.com

ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ: 13.07.2021
СОҢҒЫ РЕТ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ 23.07.2024
НҮСҚА: 2.0
ҚҰЖАТ ИДЕНТИФИКАТОРЫ: GRP-CODE-001-v.2.0